

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Астана-Отанымызың жүрегі, Тәуелсіздігіміздің тірегі

ЖАРИЯЛАНДЫ
19.02.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/23720/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Байкеева Жанаркуль

Мақсаты : Астана туралы мағлұмат беру, елордамыз Астананың көрікті орындарымен таныстыру; отансүйгіштікке, Отанын қадірлеуге үйрету; ұлттық патриотизм рухында тәрбиелеу.

Кітапханашы: Құрметті ұстаздар, оқушылар, бүгінгі біздің көрмеміздің тақырыбы – «**Астана — Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі**». Астана қаласы Қазақстанның жаһандық брендіне айналып, дүниежүзіндегі әсем де жас қала ретінде танылуда. Астана – Тәуелсіздік перзенті, Астана- жаңа әлемдегі Қазақстанның жарқын бейнесі. Тәуелсіздік алған жылдар ішінде Елбасымыз Қазақстанды бүкіл әлемге танытты. Басқа мемлекет сияқты біздің де Астанамыздың бар екенін, керемет екенін таныта білді. Әнұранымыз бүкіл әлемде шырқалды. Астана – еліміздің бас қаласы. Әр елдің баласы өз Отаны, туған жері туралы біліп, оны көркейтіп, қадірлей білу керек. Сіздер – осы елдің болашақ патриоттарысыздар. Үлкендеріміз жасап берген жолды алдағы уақытта жалғастырушылар – сіздер балалар. Ендеше Астана туралы, бүгін жырлап, әңгімелеп, мақтан етейік! Елбасы 1992 жылы Қазақстанның Президенттігіне сайланғаннан кейін сол жылы Ақмолаға келді. Есілде көлденең тартылған ескі көпірдің ортасында тұрып өзенге қарайды. Елбасына қашанда қаланың ортасынан ағып жататын өзен ұнайтын. Өзен қалаға ерекше көрік береді, мәртебесін көтереді. Елімізде көпдеген қалалар өзеннің бойында орналасқан. «Өзіндік ортада туған, бәсекеге қабілетті тұлға алдымен өз халқының тілін, тарихын мәдениетін білу керек» деген **Н.Назарбаев**. Астана халқымыз ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіздіктің рәмізі және қуатты факторы болады.

«Астана – жаңа Қазақстанның қуаты және оның көпұлтты халқын біріктірудің қайнар бұлағы» деген **Н.Назарбаев**

Ақмола орталық Қазақстанның Солтүстігінде, Есіл өзенінің жағасында орналасқан. Ғұн тілінде «ақ» — «батыс», «мол» «қамал» деген мағына береді. Демек «Ақмола» сөзі «Батыс қамалы» болып аударылады. XI ғасырда осы қаланың орнында ең алғаш Бозок қамалы сауда байланысы дамып, ортағасырларда қала мәртебесіне ие болды. **1830 жылы** Қараөткелдің бойында Ақмола бекінісінің негізі қаланып, **1832 жылы** бекініс пайдалануға берілді. Есіл өзенінің таяз жерін Қараөткел деп атаған. **1830 жылы** Астана Есіл өзенінің жағасында қазақ – орыс әскерлері негізін қалаған бекіністен бастау алады. **1954 жылы** басталған тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты Қазақстанның солтүстігінде 6 облысы тың өлкесіне жатқызылды да, **1961 жылы** Ақмола қаласы Целиноград қаласы болып өзгертілді. Тәуелсіздік алғаннан кейін **1992 жылы** Ақмола атауы қайта қалпына келтірілді. **1994 жылы** 6 шілдеде жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасы астанасын Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшіру туралы шешім қабылдады. **1995 жылы** 20 қыркүйекте тәуелсіз Қазақстанның президенті Н.Назарбаев жарлығымен елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылданды. **1997 жылы** 20 қазанда Нұрсұлтан Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау» туралы жарлыққа қол қойды. **1997 жылы** 10 желтоқсанда президент Н.Назарбаев ұсынысы бойынша Қазақстанның астанасы ресми түрде Алматыдан Ақмолаға көшірілді. Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының Жаңа астанасы болды.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.